

 NAZARBAYEV UNIVERSITY	«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы		
	Бекіткен орган:	Ғылыми кеңес	
Ұжымдық пайдалану офісінің зертханаларына/жабдықтарына қатысты қолжетімділік және жауапкершілік қағидалары			
Бекітілген күні:	29.01.2019	Күшіне енгізілген күні:	
Шешімнің/хаттаманың №:	№ 134		
ІНҚ жіктеуші:	3. Ғылыми қызмет		
Бастамашы:	Абишева Бақыт Қуантайқызы Провост Офісінің Басшысы		
Өзара байланысты құжаттар	Өзара байланысты құжаттар жоқ		

1. ЖАЛПЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК.

1. Осы құжатта мазмұндалған Ұжымдық пайдалану офісінің зертханаларына/жабдықтарына қатысты қолжетімділік және жауапкершілік қағидаларының мақсаты Ұжымдық пайдалану офісінің пайдаланушыларына зертханалар мен жабдықтарға қауіпсіз және қолайлы қолжетімділік ұсыну болып табылады. Ұжымдық пайдалану офісі (бұдан әрі – ҰПО) бірлесіп пайдаланылатын ресурсты білдіретіндіктен, барлық қызметкерлер мен пайдаланушылар ұжымдық жұмысты орындауға және жұмыс ортасын қауіпсіз және тиімді қалпында ұстауға қатысты жауапкершілікті өзара бөліседі. Осы қағидаларды бұзатын пайдаланушылар зертханаға немесе жабдыққа қолжетімділік құқығынан айырылатын болады.

2. Жалпы пайдаланылатын зертханаларда орналасқан жабдықтарды ҰПО қызметкерлері тарапынан ескертусіз және мақұлдаусыз алуға және басқа зертханаға немесе сол зертхананың ішінде ауыстырылуға тыйым салынады.

3. Ғылыми-зерттеу және зертханалық жұмысты қамтамасыз ету үшін ҰПО қызметкерлерінің жауапкершілігі:

1) Зерттеу жұмысын жүргізудің қауіпті ерекшеліктерін есепке ала отырып, пайдаланушыларға өз жұмысын барынша қауіпсіз орындауға мүмкіндік беретін;

2) Пайдаланушылардың жабдықтар мен өндірістік үй-жайларға тең және қолайлы қолжетімділікті алуына мүмкіндік беретін;

3) Осындай персонал мен материалдық ресурстардың бар болуы жабдықтың жұмыссыз тұруын барынша төмендете отырып, жақсы жұмыс қалпында сақталуына мүмкіндік беретін зерттеу және зертханалық ортаны қамтамасыз ету үшін жауапкершілік алады.

4) Университеттің архивіне тапсырғанға дейін СОП-ті зертхана құрылғы жабдықтармен бірге және алдыңғы нұсқаларды сақтау қажет.

4. ҰПО пайдаланушылары:

- 1) Жұмыс барысында жабдықтың сақталуын қамтамасыз ету;
- 2) Қағидаларды білу және осы құжаттың шеңберінде қағидалардың жасалу себебін түсіну;
- 3) Қағидаларды ұдайы ұстану;
- 4) Тиісті нысанда қажетті құжаттарды ұсыну;
- 5) Qreserve сайтында жабдықты брондау кезінде сенімді ақпарат көрсету;
- 6) Қағидаларды бұзу салдарын түсіну мен болжау үшін жауапкершілік алады.

2. ЗЕРТХАНА ТЕХНИКАСЫ МЕН ҚҰРАЛДАРЫНА ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

§1. Жаңа пайдаланушыны тіркеу

5. Академиялық және зерттеу қауымдастығының әрбір мүшесі (бакалавриат, магистратура, докторантура бағдарламаларының студенттері, пост докторанттар, ОПК мүшелері, оқытушы ассистенттері, зерттеу қызметі жөніндегі ассистенттер, ғылыми қызметкерлер, толық жұмыс күніне қабылданған немесе жұмысты қоса атқаратын қызметкерлер) жабдықпен жұмыс істеуді үйрену үшін ҰПО зертханаларына рұқсат алу құқығына ие болады.

6. ҰПО әлеуетті пайдаланушысына алдымен мына сілтеме бойынша тіркеу нысаны толтыру қажет: [Тіркеу нысаны](#)

§ 2. Зертханаларға қолжетімділік

7. Тіркеу нысанында және ҰПО-да рұқсат берілетін зертханалық құралдардың ерекшелігінде ұсынылған ақпараттың негізінде жалпы зертханалық қауіпсіздікті (ЖЗҚ) қамтамасыз ету бойынша мынадай тренингтерден өту қажет:

- 1) Химиялық зертханаға арналған тренинг;
- 2) Рентген жабдығымен жұмыс істеу жөніндегі тренинг;
- 3) Биологиялық зертханаға арналған тренинг;
- 4) таза зертхана жөніндегі тренинг.

Осы кіріспе тренингтер жергілікті және жеке деңгейде/топтарда тіркеу нысанын берген соң және ҰПО персоналы оны қайта қараған соң жүргізіледі. Пайдаланушылар ЖЗҚ тренингтерінің оларға ҰПО зертханаларына қолжетімділікті жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін, бірақ жабдықтың/құралдың тиісті бірлігін пайдалану жөніндегі тренингтен өтпегенше, жабдықта қандай да бір операцияларды жүргізуге БОЛМАЙДЫ екендігін атап өтулері қажет.

ЖЗҚ тренингтері аяқталған соң пайдаланушының ақпараты Қауіпсіздік департаментіне жіберіледі, бұл оларға бақылау-өткізу пунктінде кілттерді сұрау немесе ID картаның (егер қолданылатын болса) көмегімен алу арқылы ҰПО-ның зертханаларына қолжетімділікті жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

§3. Ұжымдық пайдалану офисінің зертханаларына қол жеткізу деңгейлері:

Қолжетімділік түрі	Зертханаларға кіру уақыты	Қызмет түрі
Тек ҰПО қызметкерімен бірге	Дүйсенбіден бастап жұмаға дейін жұмыс уақытында	Бакалавриат бағдарламасының студенттері
Өз бетінше кіруге рұқсат етіледі	Дүйсенбіден бастап жұмаға дейін жұмыс уақытында	Магистратура бағдарламасының студенттері
Өз бетінше кіруге рұқсат етіледі	Кез келген уақытта	Докторантура бағдарламасының студенттері
Өз бетінше кіруге рұқсат етіледі	Кез келген уақытта	ОПҚ
Өз бетінше кіруге рұқсат етіледі	Кез келген уақытта	Ғылыми қызметкерлер (постдок, зерттеушілер және тағы басқа тұлғалар)
Тек ҰПО қызметкерімен бірге	Дүйсенбіден бастап жұмаға дейін жұмыс уақытында	Келушілер
Тек ҰПО қызметкерімен бірге	Кез келген уақытта	Инженерлік-техникалық персонал (техникалық қызмет көрсету/қызметтер)
Тек ҰПО қызметкерімен бірге	Дүйсенбіден бастап жұмаға дейін жұмыс уақытында	Зарарсыздандырған үй-жайдың қызметкерлері

3. ЖАБЫҚҚА ҚОЛЖЕТІМДІЛІК/РҰҚСАТТАР

8. Пайдаланушылар қолжетімді жабдықтардың толық тізімін [ҰПО-ның веб-сайтында](#) (cf.nu.edu.kz) немесе QReserve (жабдықты броньдаудың онлайн платформасы) парақшасында көре алады: [Qreserve жабдығының тізімі](#).

9. Жабдықты алдын ала броньдау Qreserve парақшасында рұқсат алу күнін талдау және өз талдауыңыздың үлгісі/түрі туралы талап етілетін ақпаратты толтыру арқылы күнтізбенің көмегімен жүзеге асырылады. Егер сіз

бұрын Qreserve-ні пайдаланбаған болсаңыз, «pdf» форматындағы басшылық қағидалармен немесе ҰПО веб парақшасындағы [Броньдау жөніндегі нұсқаулықтар](#) атты бейне нұсқаулықтармен танысуыңызды сұраймыз.

10. Кітапханаға кіру рұқсатына ұқсас, кез келген жабдықты пайдалану алдында әлеуетті пайдаланушы жабдықпен жұмыс істеуге рұқсатты алғанға дейін ҰПО персоналы өткізетін тренингтен немесе тренингтер легінен өтуі тиіс (төменде келтірілген бөлімде сипатталған).

11. Тренинг аяқталғаннан кейін әр құрал – жабдықтардың стандартты операциялық процестерімен танысу журналына қол қою тиіс. Сондай-ақ сол журналда ҰПО қызметкері әрбір пайдаланушының қол жетімділік түрін көрсетеді. Төменде келтірілген кестеде ҰПО жабдығын броньдау үшін рұқсат түрлері берілген:

§4. Ұжымдық пайдалану офисінде жабдыққа қолжетімділіктің деңгейлері

Қолжетімділік түрі	Зертхана кіру уақыты	Тренинг түрі	Қызмет түрі
Тек ҰПО қызметкерімен бірге	Дүйсенбіден бастап жұмаға дейін жұмыс уақытында	Жабдықты пайдалану жөніндегі жалпы тренинг	Бакалавриат бағдарламасының студенттері
Тек ҰПО қызметкерімен бірге	Дүйсенбіден бастап жұмаға дейін жұмыс уақытында	Жабдықты пайдалану жөніндегі жалпы тренинг	Магистратура бағдарламасының студенттері
Өз бетінше кіруге рұқсат етіледі		Тәжірибелі пайдаланушылар*	
Тек ҰПО қызметкерімен бірге	Дүйсенбіден бастап жұмаға дейін жұмыс уақытында	Жабдықты пайдалану жөніндегі жалпы тренинг	Докторантура бағдарламасының студенттері
Өз бетінше кіруге рұқсат етіледі	Кез келген уақытта	Тәжірибелі пайдаланушылар *	
Тек ҰПО қызметкерімен бірге	Дүйсенбіден бастап жұмаға дейін жұмыс уақытында	Жабдықты пайдалану жөніндегі жалпы тренинг	ОПҚ
Өз бетінше кіруге рұқсат етіледі	Кез келген уақытта	Тәжірибелі пайдаланушылар	

		*	
Тек ҰПО қызметкерімен бірге	Дүйсенбіден бастап жұмаға дейін жұмыс уақытында	Жабдықты пайдалану жөніндегі жалпы тренинг	Ғылыми қызметкерлер (постдок, зерттеушілер және тағы басқа тұлғалар)
Өз бетінше кіруге рұқсат етіледі	Кез келген уақытта	Тәжірибелі пайдаланушылар *	

Ескерту:

***Тәжірибелі пайдаланушылар** – жабдықты жан-жақты түсіну және ҰПО персоналымен расталған жұмыс істеу дағдыларын көрсеткен және жабдықпен жұмыс істеудің тәжірибесі бар және ауқымды жұмыс мөлшерін орындаған пайдаланушылар.

** Пайдалану ерекшелігі мен күрделілігінің себебінен жабдықтың кейбір бірліктеріндегі жұмыс қолжетімділіктің түріне қарамастан, ҰПО персоналы тарапынан қадағалаусыз орындалмайды.

4. ЖАБДЫҚТЫ ПАЙДАДАЛАНУ БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ ОҚЫТУ

12. ҰПО-ның барлық жабдығының жұмысқа қабілеттілігі мен сенімділігі уақытын арттыру мақсатында пайдаланушылар оның жұмыс істеу қағидаттарын білулері және пайдаланудың стандартты рәсімдерін (ПСР) қатаң сақтаулары тиіс. Жабдықтың жұмысқа қабілеттілігі мен сенімділігін арттыру жабдықтың жұмысын толығымен түсінгенін және құралмен ұқыпты пайдалануды көрсеткен, тек қана оқудан өткен пайдаланушыларға рұқсат беру арқылы қолжетімділікті шектеу тәсілімен жүзеге асырылады. Пайдаланушылар мынадай екі кезеңнен тұратын **жабдықтарды пайдалану жөніндегі жалпы тренингтен** өтулері қажет:

1) Бірінші кезең: ҰПО персоналымен оқыту сессиялары:

Бірінші сессия жабдықтың/құралдың қызмет етуіне қатысты, оның қандай функционалдық мүмкіндіктерге ие болуына, сондай-ақ оның зерттеу жобасына және технологиялық тәсілге қандай қатысы бар екендігі бойынша ҰПО персоналының пайдаланушыларды оқытуын көздейді. Пайдаланушылар сондай-ақ өздері сақтаулары тиіс қауіпсіздік хаттамаларын қоса алғанда, құралды пайдалану кезіндегі өз міндеттерімен танысады.

2) Екінші кезең: ҰПО персоналының басшылығымен өткізілетін көрнекі сессиялар:

Пайдаланушылар тренингтік бірінші сессиясынан өткен соң көрнекі сессияның күнін белгілеу үшін ҰПО персоналымен байланысулары тиіс, оның шеңберінде ҰПО персоналы тиісті дағдылар мен білімді тексере отырып, оларға жабдықпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. пайдаланушылар көрнекі

сессиядан табысты өткен жағдайда, олар құралға қолжетімділікке ие болады, бірақ жауапты пайдаланушының қағидаттарын ұдайы сақтаулары тиіс. Егер пайдаланушылар көрнекі сессиядан өтпесе, ҰПО персоналы келесі жолы екінші кезеңге табысты өтуі үшін оларға жабдықты/құралды жақсы түсінуге көмектеседі.

Тәжірибелі пайдаланушылар:

Жабдыққа өз бетінше қолжетімділік құқығын және оны жұмыстан тыс уақытта және демалыс күндері ҰПО персоналы тарапынан қадағалаусыз броньдау мүмкіндігін алу үшін пайдаланушылар **тәжірибелі пайдаланушылар** ретінде жіктелуі тиіс. Осы мәртебе пайдаланушы жабдықпен жұмыс істеудің ҰПО персоналы растаған дағдылары мен толық түсінігін көрсеткен соң және жабдықты пайдаланудың жеткілікті мөлшері мен тәжірибесін жинақтаған соң ғана жеке негізде беріледі.

5. ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ МЕН ЕСКЕРТУЛЕР

13. ҰПО зертханаларында барлық тұлғалар үшін қауіп төндіретін орынсыз мінез-құлықты болдырмау үшін ҰПО персоналы пайдаланушылардың зертханаға және жабдыққа қолжетімділігін тоқтату немесе бас тарту құқығына ие болады.

14. барлық пайдаланушыларға жабдықтар мен зертханаларды қауіпсіз пайдалану маңыздылығын түсіндіруді қамтамасыз ету мақсатында тиісті ЖҚҚ, инженерлік бақылау, жеке гигиена және экологиялық қауіпсіздік құралдарына қатысты ережелерді қатаң түрде сақтау қажет.

15. ҰПО пайдаланушылары апатты жағдайлардағы барлық іс-қимылдарды және өрт қауіпі кезіндегі эвакуациялау және т.б. сияқты тиісті хаттамаларды білулері және түсінулері тиіс.

16. Қандай да бір проблемалар немесе жабдықтың дұрыс емес қызмет етуі, сондай-ақ оның дұрыс қызмет етуіне күмән пайда болған кезде, пайдаланушылар бұл туралы ҰПО персоналын дереу хабардар етуге және проблеманы өз бетінше түзетуге ешқандай **әрекет жасамауға** тиіс.

17. ҰПО-ның кейбір жабдығы **зарарсыздандырылған үй-жайда** орналасқан. БӨ деректерінің шаң басуын барынша азайту мақсатында барлық пайдаланушылар киім киюдің тиісті рәсімдері мен таза бөлмелерге қатысты басқа да хаттамаларды білулері және қатаң түрде сақтаулары тиіс (ЖЗҚ тренингі шеңберінде көрсетілетін болады).

18. Пайдаланушылар жабдықта жұмыс істеу уақытын дұрыс қолдануы және келесі пайдаланушының уақытын пайдаланбауы тиіс, сөйтіп қолайсыздықтарды туғызбайды. Пайдаланушылар нақты қажеттілік туындамаса, жабдықты пайдаланбаулары және оған бөлінген уақыт ішінде жабдықты пайдалануды жоспарламауға тиіс.

19. Жабдықпен жұмыс істеу алдында пайдаланушылар журналда тіркелулері керек және пайдаланылатын сынама түрлері, саны, әдістер және т.б. сияқты жабдықтың/зертхананың негізгі жұмыс параметрлерін көрсетулері

тиіс (енгізілуі тиіс нақты ақпарат әрбір журналда көрсетілетін болады, тиісті жабдық бірлігінің жанында көрсетіледі).

20. Зертханадағы бір адамның жұмыс істеу саясаты бойынша ескерту. ҰПО зертханаларында жалғыз жұмыс істеу үшін арнайы рұқсат қажет. Ол үшін пайдаланушы өздерінің ғылыми жобаларының басшысынан немесе тікелей басшысынан жалғыз жұмыс формасына (осы ережеге қосымша) қол кою және осы құжатты ҰПО қызметкерлеріне ұсынуы тиіс. Ғылыми жобаның жетекшісі немесе тікелей басшысы ҰПО зертханаларында жұмыс істейтін өзінің зерттеу тобы мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс және ерекше сақтық шараларын анықтау қажет. Мысалы, белгілі бір операциялар үшін бір бөлмеде екі адамның болуы немесе қауіп – қатерлерді талдау жұмыстарын жүргізіп өз қызметкерлеріне жалғыз жұмыс істеуге рұқсат беруі тиіс. Егерде зертхана жұмыстары аса қауіпті болса, оны орындайтын адамға қатты жарақат алуы немесе әлсіздікке және басқа салдарларға әкелетін болса, жұмыс үшін Формадағы көрсетілген адам немесе жобаның басшысы, тікелей басшы тұрақты түрде қатысуы тиіс. Қауіпті жағдайларда НУ **8 (7172) 70 62 62/63** немесе **62 62 62/62 63** (ішкі желі бойынша) телефондарға қоңырау шалу қажет, сондай-ақ **112** нөмірі бойынша қалалық авариялық желіге қоңырау шалыңыз.

Қосымша
ұжымдық пайдалану офисінің
зертханасына және жабдықтарына
қатысты қол жеткізу және
жауапкершілік

БІР АДАМНЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ ФОРМАСЫ

Зертханада және құрал-жабдықтармен жалғыз жұмыс істеу қауіптеріне байланысты пайдаланушылар өзінің ғылыми жобаның жетекшісінен/ тікелей басшысынан арнайы мақұлдау алу және оны ОКП қызметкерлеріне ұсыну қажет.

Осы формаға қол қою арқылы пайдаланушылар мыналарды растайды:

Пайдаланушылар зертханада жалғыз жұмыс істеу кезінде туындайтын барлық қауіптерді түсінуі қажет.

Пайдаланушылар ғылыми жоба жетекшісімен немесе тікелей басшысымен талқыланған және мақұлданған жұмыс көлемін толық түсінуі қажет.

Пайдаланушылар сақтық шараларын білуі және ең қажетті оқудан өтуі (өрт қауіпсіздігі және т.б.) және авариялық қызметтермен қалай байланысуын білуі қажет.

Жұмыс орны / зертхана нөмірі	Қол жеткізу үшін ұсынылады (ғылыми жобаның жетекшісі/ тікелей басшы ғылыми жұмыстарын ұзақтығы көрсетілуі тиіс):
Осы формаға қол қоя отырып, ғылыми жобаның жетекшісі немесе тікелей басшысы қауіпті жұмыстар жоқ екенін растайды және зерттеуші зертханада жалғыз жұмыс істеуге өз келісімін береді.	
Егер жұмыс қауіпті болса. Ғылыми жобаның жетекшісі немесе тікелей басшы зертханадағы қауіпті зерттеу жұмыстарына байланысты барлық эксперименттер кезінде өзінің немесе жауапты тұлғаның қатысатынын растайды.	
Зерттеушінің аты-жөні және байланыс ақпараты:	Қолы / Күні
Ғылыми жобаның жетекшісі немесе тікелей басшы және оның байланыс ақпараты:	Қолы / Күні
Жауапты тұлға және байланыс ақпараты:	Қолы / Күні
ҰПО қызметкері және байланыс ақпараты:	Қолы / Күні